Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 23 мамыр N 2996

Қазақстан Республикасының ұдайы кеңейіп келе жатқан халықаралық байланыстарын, оның әлемдік интеграциялық процестерге, Евразия одағы идеяларын жүзеге асыруға белсене қатысуын ескере отырып ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ақмола университеті Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетінің негізгі міндеттерін, мамандықтар тізбесін, құрылымы мен профессор-оқытушылар құрамының штат санын айқындасын және белгіленген тәртіппен оның Жарғысын бекітсін, сондай-ақ университетті қаржыландыру, материалдық-техникалық қамсыздандыру және студенттер мен профессор оқытушылар құрамы үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау мәселелерін шешсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК